

Шын шеберге шаршы алаңда тұсау жоқ

Арайлым ҚҰЛТАЕВА,
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының
1 курс студенті

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз де жақсы білеміз. Күніне айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болары анық. Біздің ата-бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған ғой. Спорттың қай түрімен айналыссаң да, бәрі адамның қабілетіне байланысты. Сондай қабілеттің иесі, хас шебер, әлем чемпионы, боксшы – Гена! Головкин Геннадий Геннадийұлы Қарағандының тумасы. 1982 жылдың 8-ші сәуірінде дүниеге келген. 2003 жылы әлем чемпионы және 2004 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері. 7 рет Қазақстан Республикасының чемпионы, халықаралық турнирлердің жеңімпазы, жастар арасындағы әлем чемпионы, жеке сынақ бойынша Әлем кубогының чемпионы, айта берсек жетіп артылады.

Жалпы, Геннадийдың соққылары өте ауыр. Оны қазақстандық тарлан әр ұрыста дәл тиген бір ғана соққысымен айқын көрсетіп береді. Бұл 32 жастағы Геннадий Головкиннің кәсіпқойлығының дәлелі. Айта кету керек, Геннадий Головкин үстіміздегі жылғы 1 ақпанда ганалық Осуману Адаманы, 26 шілдеде австралиялық Дэниел Гилді мерзімінен бұрын жеңіп шыққан болатын. Боксшының жойқын соққылары ешқашан ел есінен кетпестей болды. Айтпақшы, батырымыздың жарқын жеңістерімен бөлісе кетейік. Бірі білсе, бірі біле бермес: 2007 жылдың қыркүйегінде ол француздық Мехди Боудламен(11-1) кездесіп, 8 раундта ұпай санымен басым түсті. Бұл үлкен сәттілік болды. 2008 жылы сәуірде Иан Гарднерді (20-3) тағы да ұпай санымен ұтып кетті. 2009 жылдың 11 шілдесінде бірінші рет шаршы алаңға 12 раундтық жекпе-жекке шықты. WBO-ның интерконтинентальдық чемпион атағы үшін өткен кездесудің екінші раундында бразилиялық Джон Андерсон Карвальоны нокаутпен жеңді. Одан соң бұған дейін бірде бір рет жеңіліп көрмеген Михаил Макаровты (10-0) сұлатып салды. Жойқын күш.

2010 жылдың тамызында WBA нұсқасы бойынша 72 келі салмақ дәрежесінде уақытша әлем чемпионаты атағы үшін колумбиялық Милтон Нуньеспен (21-1-1) жұдырықтасты. Головкин қарсыласын бірінші раундта-ақ нокаутқа жіберді. Керемет соққы.

2011 жылы Головкин өз титулын екі рет қорғап, Кассим Оумен Лахуан Саймонды айқын басымдықпен ұтты. 2012 жылы титулды үшінші рет қорғауда Головкин жапондық Макотто Фучигамиді есінен тандырды. 2013 жылдың 2 қарашасында Геннадий АҚШ-та жергілікті боксшы Кертиса Стивенспен жұдырықтасты. Шиеленіске толы жекпе-жектің 8-ші раундында Кертис Головкиннің бірнеше соққыларынан кейін есеңгіреп қалды, жаттықтырушысы оның 9-раундқа шығуына жол бермеді. Сөйтіп, жеңіс шынайы шеберге бұйырды. 2014 жылдың 1 ақпанында Головкин Монте-Карлода ганалық Осуман Адамамен кездесті. 31 жастағы Головкин өзінің 33 жастағы қарсыласын рингтің бірінші, алтыншы және жетінші раундтарында есеңгіретті. Соңғысында төреші кездесуді тоқтату туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, спортшының атағы тағы бір мәрте жоғарылады.

23 ақпан, кәсіпқой бокстан әлем чемпионы Геннадий Головкин кезекті жеңісін тойлады. Батырымыз қарсылас шақ келтірер емес. Монте-Карло қаласында өткен бокс кешінде қазақстандық былғары қолғап шебері Ұлыбритания спортшысы Мартин Мюррейді 11-ші раундта нокаутпен жеңді. Геннадий Головкин жанкүйерлер сенімім толығымен ақтады. Үш тұжырым бойынша чемпиондық белбеулердің иесі өз мықтылығын тағы бір дәлелдеп берді. Кездесу басынан қарсыласына ауыр соққыларын дарыта білген отандасымыз Мюррейдің бас көтеруіне



мүмкіндік бермеді. Салдарынан ағылшын спортшысы төртінші раундта екі мәрте нокаут алды. Бірақ табандылығымен танылған Мюррей тез есін жиып кездесуді жалғастырды. Дегенмен, 10-шы раундта Головкиннің тағы бір жойқын соққысына тап болған ұлыбританиялық боксшымыз рингке сұлап түсті. Төреші сегізге дейін санағанша орнынан тұрған Мюррей шыдап бақты. Ал 11-ші раунд басында Головкиннің шабуылына қарсы тұра алмаған Мюррейдің дәрменсіз екенін көрген алаңдағы қазы кездесуді тоқтатты.

Сонымен 32 жекпе-жекте ұтылып көрмеген Геннадий Головкин чемпиондық белбеулерін сақтап қалды. Қазақстандық спортшының ендігі мақсаты - Бүкіләлемдік бокс кеңесінің чемпиондық белбеуін иелену. Алтын белбеу әзірге пуэрто-риколық Мигель Коттоның еншісінде. Бұл белбеудің де Генаға бұйыратынына сеніміміз мол. Себебі, Геннадий хас шебер. Ал, хас шеберге шаршы алаңда тұсау жоқ. Бұл анық!

Спорт – это жизнь!

Томирис СУЛЕЙМЕНОВА,
студентка 1 курса ГСФ
специальность «журналистика»

Светлана Челюбеева - студентка 1 курса факультета истории и права. В ноябре 2014 года женская сборная по волейболу факультета заняла первое место в межфакультетских соревнованиях. Светлана выступила как капитан команды. К слову, Света имеет второй взрослый разряд по волейболу и большое количество наград. Мы попросили поделиться ее секретами ее спортивного успеха.

– Света, как давно ты занимаешься волейболом и что этому способствовало?

– Однажды я пришла на тренировку со своим дядей, просто посмотреть игру. Он раньше выступал в составе областной сборной команды. Воодушевившись его игрой и заразившись спортивным азартом, начала посещать тренировки. Конечно, сначала было нелегко, но со временем всё стало получаться.

– Скажи, а как родители относятся к твоему спортивному увлечению?

– На первых порах моя мама была против занятий волейболом. Потому что считала, что это может отразиться на моей учебе. К тому же, в то время я уже занималась танцами, и мама переживала, что мне просто может не хватить сил и времени на все. Должна признать, что пошла против воли мамы, и не оставила спорт. Иногда даже сбегала из дома. А когда вошла в состав нашей школьной команды, и мы стали завоевывать призовые места, ее мнение изменилось. Мама поняла, что я настроена вполне серьезно, и что это не временное увлечение. Теперь же она гордится моими спортивными успехами.

– Расскажи, какая победа тебе запомнилась больше остальных и почему?

– Это было в 2013 году на соревнованиях между школами. Так как я из села, и команда нашей школы считалась слабой. Но мы играли против команды Детско-юношеской школы города, их уровень

подготовки значительно отличался от нашего. Поэтому мы осознавали, какая на нас лежит ответственность. Хотя, мы заняли второе, а не первое место, радость была безгранична! Море эмоций!

– Как тебе сейчас удается совмещать тренировки с учебой?

– В университете мне учиться не трудно. Тренировки не отнимают много времени. Они проходят в понедельник, четверг и в субботу. Длятся они всего лишь 2 часа, и поэтому я всё прекрасно успеваю.


– Входишь ли ты в состав нашей университетской сборной по волейболу?

– В данное время я на скамейке запасных. А вот в следующем году, по словам нашего тренера Ануара Алибековича, мы уже будем в основном составе. Со мной посещают тренировки отличные ребята, мы все хорошо общаемся между собой. Я думаю, что осенью в нашей победе над другими факультетами, сплоченность сыграла важную роль. Ведь мы команда.

– Входит ли в твои дальнейшие планы занятия волейболом?

– Да, несомненно, входит. Пока я еще не успела добиться всего, чего хотела. Но я думаю, если не идти на поводу у лени, и очень стараться, то всё должно получиться.

– Чтобы ты хотела пожелать нашим читателям нашей газеты?



– Занимайтесь спортом! Спорт — это движение, а движение — это жизнь. Главное поставить для себя цель и стремиться к ее свершению, преодолевая преграды и неудачи.

"БЛИМ ЖАРЫСЫ"

МЕНШК ИЕСІ: А.Байғұрынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байғұрынов көшесі, 47. Тел. 511167

Редакцияның кеңес төрағасы А.М.Нәметов

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Нөмірі дайындаған ҚМУ-дің журналистика мамандығының студенттері

Беттеген Роза Қобжанова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия".

Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №644. Тираж 1500 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г күәлігі берілген